

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1207 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 746 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1207 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қызметінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары" деген 3-бөлімде:

"Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету" деген 1-стратегиялық бағытта:

2 - м а қ с а т т а :

"Мектептегі білімге және оның сапасын арттыруға қол жетімділікті қамтамасыз ету" деген жолдың "Нысаналы индикатор" деген бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мектептердің жалпы санынан жөнделгендерінің үлесі (2009 ж. - 12 %);

3-мақсаттың "Мақсатты индикатор" деген бағанында:

"1-міндет. Техникалық және кәсіптік білім беруге қолжетімділікті ұлғайту" деген жолда "23,6 %" және "98 %" деген сандар тиісінше "28,8 %" және "100 %" деген сандармен ауыстырылсын;

"Экономика мен әлеуметтік саланың базалық салаларын ғылыми және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" деген 2-стратегиялық бағытта:

"5-міндет. Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру" деген жолдың "Көрсеткіштер" деген бағанында "Халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықтармен жарақтандырылған ЖОО-лар жанындағы ұлттық ғылыми зертханалар мен инженерлік бейінді зертханалар саны (2009 ж. - 1/1, 2010 ж. - 1/1, 2011 ж. - 1/1)" деген сөздер алынып тасталсын;

"6-міндет. Көрнекті, сондай-ақ отандық ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан талантты жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау; ғылыми-техникалық қызметті материалдық ынталандыру" деген жолдың "Көрсеткіштер" деген бағанында "Ғылым мен техниканың дамуына көрнекті үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға (2009 ж. - 75, 2010 ж. - 75, 2011 ж. - 75), талантты жас ғалымдарға сыйлықақы беру (2009 ж. - 150, 2010 ж. - 150, 2011 ж. - 150)" деген сөздер "Аса көрнекті ғалымдарға төленетін

мемлекеттік стипендиялар саны (2009 ж. - 75, 2010 ж. - 75, 2011 ж. - 75), талантты жас ғалымдарға төленетін мемлекеттік стипендиялар саны (2009 ж. - 150, 2010 ж. - 150, 2011 ж. - 150)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бюджеттік бағдарламалар" деген 8-бөлімде:

"Білім және ғылым саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметтер" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "1904579" деген сандар "1891535" деген сандармен ауыстырылсын;

"Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім бағдарламалары бойынша оқып жатқандарға әлеуметтік қолдау көрсету" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "201437" деген сандар "205367" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру шығындары" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "1359856" деген сандар "1651647" деген сандармен ауыстырылсын;

"Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау" деген бюджеттік бағдарламада:

"2009 ж." деген бағанда:

"Сандық көрсеткіштері" деген жолда "6" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асыру шығындары" деген жолда "18866393" деген сандар "16415851" деген сандармен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "93238" деген сандар "117833" деген сандармен ауыстырылсын;

"Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу" деген бюджеттік бағдарламада:

"Тиімділік көрсеткіштерінде":

мына:

"

|                                                                       |           |   |   |       |       |       |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------|---|---|-------|-------|-------|
| - зияткерлік мектептері 7-11 (12) сыныптарда (мемлекеттік тапсырмасы) | мың теңге | - | - | 324,0 | 349,9 | 376,2 |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------|---|---|-------|-------|-------|

"

деген жол алынып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "3202158" деген сандар "3006951" деген сандармен ауыстырылсын;

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін және Алматы облысының облыстың бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің

сейсмостұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері" деген бюджеттік бағдарлама осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Ғылымды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру" деген бюджеттік бағдарламада:

"2009 ж." деген бағанда:

"Сандық көрсеткіштер" деген жолда "3" деген сан алынып тасталсын;

"Нәтижелер көрсеткіштері" деген жолда "20" деген сандар алынып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығындар" деген жолда "61000" деген сандар алынып тасталсын;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандар даярлау" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "29800159" деген сандар "31834028" деген сандармен ауыстырылсын;

"Білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру қызметтерінің сапасын талдау" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "873936" деген сандар "906732" деген сандармен ауыстырылсын;

"Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелдегі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "14490302" деген сандар "12683892" деген сандармен ауыстырылсын;

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген бюджеттік бағдарламада:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шығындар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "6782228" деген сандар "6582228" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша оқып жатқандарға әлеуметтік қолдау көрсету" деген бюджеттік бағдарлама осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Қаржы орталығы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту" деген бюджеттік бағдарлама осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Білім ұйымдары ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу" деген бюджеттік бағдарлама осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігін материалдық-техникалық жарақтандыру" деген бюджеттік бағдарламада:

"2009 ж." деген бағанда:

"Нәтиже көрсеткіштері" деген жолда "40" деген сандар алынып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолда "47638,0" деген

сандар "38104,0" деген сандармен ауыстырылсын;  
"Білім ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыру" деген бюджеттік бағдарламада:

"Сандық көрсеткіштер" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "270" деген сандар "365" деген сандармен ауыстырылсын;

"Өркен" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту" деген бюджеттік бағдарламада:  
"Сипаттама" деген жолда "мектепке арналған" деген сөздер "мектепті жобалауға, қайта байланыстыруға, салуға және олар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Бағдарламаны іске асыру шығындары" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "2334745" деген сандар "7534745" деген сандармен ауыстырылсын;

"Білім сапасын қамтамасыз ету" деген бюджеттік бағдарламада:  
"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар" деген жолдың "2009 ж." деген бағанында "728546" деген сандар "776879" деген сандармен ауыстырылсын;

"Парасат" Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ-ның жарғылық капитал ұлғайту" деген бюджеттік бағдарламада:  
"2009 ж." деген бағанда:

"Сандық көрсеткіштер" деген жолда "1", "2" деген сандар алынып тасталсын;  
"Нәтижелер көрсеткіштері" деген жолда "2" деген сан алынып тасталсын;  
"Бағдарламаны іске асыруға арналған шығындар" деген жолда "1000000" деген сандар алынып тасталсын;

осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кадрларды даярлауға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

19

мамырдағы

N

746

қаулысына

1-қосымша

|                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Әкімшісі                                  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Бюджеттік бағдарлама (к і ш і бағдарлама) | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға берілетін және Алматы облысының облыстық бюджеті мен Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері |
| Сипаттамасы                               | Нысаналы даму трансферттері                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Стратегиялық бағыты                       | 1. Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                                             |                                                                                                                                      |               |              |            |                |            |            |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------|------------|----------------|------------|------------|
| Мақсаты                                     | 1. Мектепке дейінгі білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                         |               |              |            |                |            |            |
| Міндеттері                                  | 1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісін көбейту                                                                           |               |              |            |                |            |            |
| Мақсаты                                     | 2. Мектептегі білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру                                                         |               |              |            |                |            |            |
| Міндеттері                                  | 1. Мектеп желілерін дамыту                                                                                                           |               |              |            |                |            |            |
| Мақсаты                                     | 3. Экономика салаларының білікті әрі бәсекеге қабілетті техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарын қажеттілігін қанағаттандыру |               |              |            |                |            |            |
| Міндеттері                                  | 1. Техникалық және кәсіптік білім беруге қол жетімділікті кеңейту                                                                    |               |              |            |                |            |            |
| Көрсеткіштер                                |                                                                                                                                      | Өлшем бірлігі | Есепті кезең |            | Жоспарлы кезең |            |            |
|                                             |                                                                                                                                      |               | 2007 ж.      | 2008 ж.    | 2009 ж.        | 2010 ж.    | 2011 ж.    |
| Сандық көрсеткіштері                        | Пайдалануға берілетін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің болжамды саны                                                        | бірлік        | 6            | 12         | 20             | 74         | 64         |
|                                             | Пайдалануға берілетін мектептердің болжамды саны                                                                                     | бірлік        | 53           | 73         | 78             | 24         | 21         |
|                                             | Пайдалануға берілетін кәсіптік мектептердің болжамды саны                                                                            | бірлік        |              | 1          | 1              | 24         | 18         |
|                                             | Сейсмотұрақтылықты күшейту жөніндегі жұмыстар жүргізетін объектілердің болжамды саны                                                 | бірлік        | 8            | 18         | 1              | 7          | 6          |
| Сапа көрсеткіштері                          | Мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға қажеттілік азаяды                                                                             | орын          | 610          | 1800       | 5 650          | 20 760     | 18 060     |
|                                             | Авариялық жағдайдағы мектептер саны азаяды                                                                                           | бірлік        | 18           | 29         | 17             | 3          |            |
|                                             | Оқушы орнына жалпы қажеттілік азаяды                                                                                                 | орын          | 14 625       | 53 122     | 56 850         | 21 200     | 9 900      |
|                                             | 3 ауысымда оқытатын мектептер саны азаяды                                                                                            | бірлік        | 7            | 25         | 58             | 4          |            |
|                                             | Кәсіптік білім беретін кадрларды даярлаудағы                                                                                         | орын          | 360          | 800        | 9 425          | 9 084      |            |
|                                             | Сейсмотұрақтылықты күшейтуді қажет ететін объектілер саны азаяды                                                                     | бірлік        | 8            | 18         | 1              | 4          | 6          |
| Тиімділік көрсеткіштері                     |                                                                                                                                      |               |              |            |                |            |            |
| Нәтиже көрсеткіштері                        | Мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға қажеттілік азаяды                                                                             | %             | 0,3          | 1,5        | 7,2            | 13         | 6          |
|                                             | Жалпы мектептер санынан авариялық жағдайдағы мектептер азаяды                                                                        | %             | 7,8          | 14,5       | 8,1            | 1,9        |            |
|                                             | Оқушы орындарына тапшылық азаяды                                                                                                     | %             | 9,2          | 28,5       | 11,9           | 4,2        |            |
|                                             | 3 ауысымда оқытатын мектептер саны азаяды                                                                                            | %             | 6,4          | 25         | 50             | 18,5       |            |
|                                             | Мектеп ғимараттарының техникалық жай-күйі нормативтік талаптарға сәйкестендірілді                                                    | %             | 0,037        | 0,085      |                |            |            |
| Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар |                                                                                                                                      | мың теңге     | 33 214 308,5 | 72 675 844 | 55 921 635     | 70 557 088 | 44 382 332 |

## Р е с п у б л и к а с ы

# У к і м е т і н і н

2009

## Ж Ы Л Ғ Ы

19

м а м ы р д а ғ ы

N

7 4 6

Қ а ۋ л ы с ы н а

## 2-қосымша

|                                           |                                                                                                                                                                                                                            |               |              |         |                |         |         |
|-------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------|---------|----------------|---------|---------|
| Әкімшісі                                  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі                                                                                                                                                                        |               |              |         |                |         |         |
| Бюджеттік бағдарлама (к і ш і бағдарлама) | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқып жатқандарға әлеуметтік қолдау көрсету                                                                                                        |               |              |         |                |         |         |
| Сипаттамасы                               | Жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында мемлекеттік білім тапсырысы бойынша оқып жатқандардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар мен қысқы және жазғы демалыс кезеңінде жол жүруге ақшалай өтемақы төлеу |               |              |         |                |         |         |
| Стратегиялық бағыты                       | 1. Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                                                                                                             |               |              |         |                |         |         |
| Мақсаты                                   | 4. Ішкі еңбек нарығының сұранысына сай келетін жоғары білікті кәсіби және ғылыми мамандар даярлау                                                                                                                          |               |              |         |                |         |         |
| Міндеттері                                | 6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берумен қамтуды ұлғайту                                                                                                                                                    |               |              |         |                |         |         |
|                                           | Көрсеткіштер                                                                                                                                                                                                               | Өлшем бірлігі | Есепті кезең |         | Жоспарлы кезең |         |         |
|                                           |                                                                                                                                                                                                                            |               | 2007 ж.      | 2008 ж. | 2009 ж.        | 2010 ж. | 2011 ж. |
| Сандық көрсеткіштері                      | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушы азаматтардың қатарынан барлық санаттағы стипендиаттардың жоспарланып отырған орташа жылдық контингенті                                                                  | адам          | 87 761       | 93 831  | 100 260        | 92 006  | 91 632  |
|                                           | Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша күндізгі оқу нысанында оқитындарға берілетін жол жүру өтемақысын алушылардың жоспарлы саны                                                                                             | адам          | 107 440      | 115 475 | 122 438        | 111 401 | 110 047 |
| Сапа көрсеткіштері                        | Стипендиямен қамтамасыз етілудің жоспарлы %-ы                                                                                                                                                                              | %             | 80           | 80,5    | 85             | 85      | 85      |
|                                           | Күндізгі оқу нысанында оқитындар қатарынан өтемақымен қамтамасыз етілудің жоспарлы %-ы                                                                                                                                     | %             | 100          | 100     | 100            | 100     | 100     |
| Тиімділік көрсекіштері                    | Студенттерге берілетін стипендия мөлшері (үстемеақысыз)                                                                                                                                                                    | теңге         | 6 434        | 6 789   | 9 375          | 11 719  | 15 235  |
|                                           | Дайындық бөлімшелерінің тыңдаушыларына берілетін стипендия мөлшері                                                                                                                                                         | теңге         | 5 469        | 5 771   | 7 969          | 9 961   | 12 950  |
|                                           | Магистранттарға берілетін стипендия мөлшері (үстемеақысыз)                                                                                                                                                                 | теңге         | 6 434        | 19 166  | 23 958         | 29 949  | 38 931  |
|                                           | PhD докторларына берілетін стипендия мөлшері                                                                                                                                                                               | теңге         | 29 359       | 29 359  | 36 699         | 45 873  | 59 635  |
|                                           | Емтихан сессиясы нәтижелері бойынша тек "өте жақсы" деген бағалары бар студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 15%                                                                                       |               |              |         |                |         |         |
|                                           | Зағип немесе мылқау-керең студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 75 %                                                                                                                                   |               |              |         |                |         |         |

|                                             |                                                                                                                                                                                 |           |           |            |            |            |  |
|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|------------|------------|------------|--|
|                                             | Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, бірақ азаматтардың қарауында (қамқорлығында) қатарындағы студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 30 % |           |           |            |            |            |  |
|                                             | Жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғыс мүгедектеріне теңестірілген студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 50 %                                            |           |           |            |            |            |  |
|                                             | Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалған студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 100 %                                                  |           |           |            |            |            |  |
|                                             | Мемлекеттік атаулы стипендиялар алатын студенттерге мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері - 45 %                                                                           |           |           |            |            |            |  |
| Нәтиже көрсеткіштері                        | Стипендия мен жол жүруге арналған ақшалай өтемақыларды толық әрі уақтылы төлеу                                                                                                  |           |           |            |            |            |  |
| Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар | мың теңге                                                                                                                                                                       | 8 595 943 | 9 690 436 | 14 257 342 | 16 791 614 | 21 789 938 |  |

|                                           |                                                                                                                                                                                                                   |               |              |         |                |         |         |
|-------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------|---------|----------------|---------|---------|
| Әкімшісі                                  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі                                                                                                                                                               |               |              |         |                |         |         |
| Бюджеттік бағдарлама (к і ш і бағдарлама) | "Қаржы орталығы" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту                                                                                                                                                                |               |              |         |                |         |         |
| Сипаттамасы                               | Оқып жатқандарға мемлекеттік-жеке меншік кредит беру жүйесін одан әрі дамыту және жоғары білім алуға кол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту |               |              |         |                |         |         |
| Стратегиялық бағыты                       | 1. Сапалы білімге кол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                                                                                                    |               |              |         |                |         |         |
| Мақсаты                                   | 4. Ішкі еңбек нарығының сұраныстарына сай келетін жоғары білікті кәсіби және ғылыми мамандар даярлау                                                                                                              |               |              |         |                |         |         |
| Міндеттері                                | 6. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берумен қамтуды ұлғайту                                                                                                                                           |               |              |         |                |         |         |
|                                           | Көрсеткіштер                                                                                                                                                                                                      | Өлшем бірлігі | Есепті кезең |         | Жоспарлы кезең |         |         |
|                                           |                                                                                                                                                                                                                   |               | 2007 ж.      | 2008 ж. | 2009 ж.        | 2010 ж. | 2011 ж. |
| Сандық көрсеткіштері                      | Екінші деңгейдегі банктер берген білім беру кредиттері бойынша кепілдіктердің күтілетін саны                                                                                                                      | бірлік        | 788          | 2 500   | 6 750          | 7 500   | 10 000  |
| С а п а көрсеткіштері                     |                                                                                                                                                                                                                   |               |              |         |                |         |         |
| Тиімділік көрсеткіштері                   | Кепілдік берілген кредиттер көлемінің жарғылық капитал мөлшеріне қатынасы                                                                                                                                         | %             | 4,26         | 15,15   | 24,87          | 31,91   | 37,04   |
| Нәтиже көрсеткіштері                      | Оқып жатқандардың жалпы санынан кредит алған студенттердің жоспарлы үлесі                                                                                                                                         | %             | 0,10         | 0,22    | 0,59           | 0,68    | 0,90    |
| Бағдарламаны іске асыруға                 |                                                                                                                                                                                                                   | мың теңге     | 350 000      | 350 000 | 1 350 000      |         |         |

|                   |  |  |  |  |  |  |  |
|-------------------|--|--|--|--|--|--|--|
| арналған шығыстар |  |  |  |  |  |  |  |
|-------------------|--|--|--|--|--|--|--|

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 9

м а м ы р д а ғ ы

№

7 4 6

қ а у л ы с ы н а

4-қосымша

|                                           |                                                                                                                                       |               |              |         |                |         |         |
|-------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|--------------|---------|----------------|---------|---------|
| Әкімшісі                                  | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі                                                                                   |               |              |         |                |         |         |
| Бюджеттік бағдарлама (к і ш і бағдарлама) | Білім беру ұйымдарының ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу                                                       |               |              |         |                |         |         |
| Сипаттамасы                               | Білім беру ұйымдары ғимараттарының техникалық жай-күйін жақсарту                                                                      |               |              |         |                |         |         |
| Стратегиялық бағыты                       | 1. Сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                        |               |              |         |                |         |         |
| Мақсаты                                   | 2. Мектептегі білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру                                                          |               |              |         |                |         |         |
| Міндеттері                                | 1. Мектеп желілерін дамыту                                                                                                            |               |              |         |                |         |         |
|                                           | 6. Қосымша білім беруге қол жеткізуді қамтамасыз ету                                                                                  |               |              |         |                |         |         |
| Мақсаты                                   | 3. Экономика салаларының білікті әрі бәсекеге қабілетті техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарына қажеттілігін қанағаттандыру |               |              |         |                |         |         |
| Міндеттері                                | 2. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру                                                       |               |              |         |                |         |         |
| Мақсаты                                   | 4. Ішкі еңбек нарығының сұраныстарына сай келетін жоғары білікті кәсіби және ғылыми мамандар даярлау                                  |               |              |         |                |         |         |
| Міндеттері                                | 2. Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын дамыту                                                                       |               |              |         |                |         |         |
| Сандық көрсеткіштері                      | Көрсеткіштер                                                                                                                          | Өлшем бірлігі | Есепті кезең |         | Жоспарлы кезең |         |         |
|                                           |                                                                                                                                       |               | 2007 ж.      | 2008 ж. | 2009 ж.        | 2010 ж. | 2011 ж. |
|                                           | Ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізілген мемлекеттік білім беру мекемелерінің болжамды саны                                            | бірлік        | 7            | 7       | 2              | 2       | 0       |
|                                           | оның ішінде:                                                                                                                          |               |              |         |                |         |         |
|                                           | жоғары оқу орындарында                                                                                                                | бірлік        | 2            | 2       | 1              | 0       | 0       |
|                                           | Ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізілген мемлекеттік білім беру кәсіпорындарының болжамды саны                                         | бірлік        | 21           | 21      | 13             | 15      | 15      |
|                                           | оның ішінде:                                                                                                                          |               |              |         |                |         |         |
|                                           | жоғары оқу орындарында                                                                                                                | бірлік        | 20           | 18      | 9              | 13      | 12      |
| Сапа көрсеткіштері                        | Оқу процесін сапалы жүргізу үшін жағдайларды жақсарту                                                                                 |               |              |         |                |         |         |
| Тиімділік көрсеткіштері                   | Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес күрделі жөндеуге жұмсалған шығындар                              |               |              |         |                |         |         |
|                                           | Мемлекеттік білім беру мекемелерінің күрделі жөндеу қажеттілігінің қамтамасыз етілуі                                                  | %             | 50           | 51      | 60             | 64      | 69      |
|                                           |                                                                                                                                       |               |              |         |                |         |         |



